

2024-2025 оқу жылы бойынша «Қылқалам» үйірме жұмысының есебі .

Оқу жылы басында «Қылқалам» үйірмесінің жылдық жоспары бекітілді. Үйірмеге 20 оқушы қатынасады.

Үйірме жетекшісі: Шармұханов Бекболат Ахметович .Еңбек өтілі 24 жыл.
Санаты: педагог-модератор. Үйірме төмендегі кесте бойынша жұмыс жасайды.

« Қылқалам» үйірмесінің уақыт кестесі

Күні	Үйірменің аты	Уақыты	Жетекшісі
Дүйсенбі	Қылқалам	1 –ауысым	Б.Шармұханов
Сейсенбі		10.40-11.25	
		16.35-17.40	
Сәрсенбі		2-ауысым	
Бейсенбі		10.40-11.25	
		16.35-11.25	
		1 –ауысым	
		10.40-11.25	
		16.35-17.40	
		2-ауысым	
	10.40-11.25 16.35-11.25		

Үйірменің мақсаты:

Оқушылардың бойында бейнелеу өнерінің саласы және көркем-шығармашылық іс-әрекеттер барысында жеке тұлға қасиетін дамыту.

Үйірменің міндеттері:

- Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыру;
- Қоршаған ортадағы пішіндер мен түстердің байлығын көрсете білу;
- Эстетикалық талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Ұлттық және әлемдік көркем негіздерімен таныстыру;
- Бояудың түрлері және оларды ажырата алуға дағдыландыру;
- Түстерді дұрыс таңдай білуге, орынды қолдануға дағдыландыру;
- Бейнелеу өнері құралдарын ұқыпты, таза ұстауға дағдыландыру;
- Суретті қағаз бетіне дұрыс орналастыра алу қабілеттерін арттыру;
- Өз ойын жетік және еркін жеткізе білу қабілеттерін арттыру.

Күтілетін нәтиже: «Қылқалам» үйірмесі эмоциялық-бейнелі, көркемдік ойлау түрін қалыптастыруға бағытталып тұлғаның рухани қызметі қалыптасуының ықпал етіп, өзінің қоршаған әлемге көзқарасын шығармашылық жұмыстарында көрсете білу қабілеттері дамытады. Оқушылар мектепшілік шараларға белсене қатынасады. Жоспарға сәйкес «Қауіпсіз балалық шақ», «Күзгі сыйлықтар», «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз», «Қыс ғажайыптары», «Ұлыстың қадам басқан ұлы күні», «Шеберлер еліне саяхат» қол өнер көрмесі өткізілді. «Бір құсқа бір ұя» атты челендж ұйымдастырылып, оқушылар құстарға ұя жасап әкелді. Аудандық «Сырлы бояу», «Бояулар құпиясы», «Терроризмнен азат ел» тақырыптарында сурет байқауларына қатынасып, мақтау қағаздарына ие болды.

